

Қамқоршылық кеңестің
2023 жылдың 25 желтоқсанындағы
№49 шешімімен
бекітілген

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының 2024 жылға
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның/бағдарламаның немесе жобаның атауы	Әлеуметтік сипаттағы шешетін мәселесі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
ҚАЗІРГІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ				
1.	Сирек (орфандық) аурулары бар пациенттерге қымбат препараттарды сатып алу	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде мемлекет ұсынбайтын сирек және ауыр аурулары бар азаматтарды қымбат, заманауи инновациялық, тіркелмеген препараттармен қамтамасыз ету.	2024 жыл, тәсілдер мен шешімдерге сәйкес	БЖБО-1
2.	Мүгедектігі бар балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету	Мүгедектігі бар балалар мен жастардың (14-29 жас) өмір сүру сапасын әр пайдаланушының қажеттіліктерін ескере отырып дайындалатын сапалы протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету жолымен өзгерту.	2024 жыл, тәсілдер мен шешімдерге сәйкес	БЖБО-1
3.	Көздің мүйізгек қабығы трансплантациясын қажет ететін көз органдары аурулары бар пациенттерге қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі бағдарламаны аяқтау	Донорлық материалды сатып алу шығындарын өтеу арқылы соқырлыққа әкелетін көз органдарының, атап айтқанда көздің мүйізгек қабығының (ақ шел, бұлыңғырлық, туа біткен аурулар (кератоконус)) аурулары бар пациенттерге медициналық көмек көрсету.	2024 жыл, тәсілдер мен шешімдерге сәйкес	БЖБО-1

№	Іс-шараның/бағдарламаның немесе жобаның атауы	Әлеуметтік сипаттағы шешетін мәселесі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
4.	Қазақстан Республикасында онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарға сәйкес онкологиялық аурулары бар азаматтарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қаржыландыру	Онкологиялық және онкологиялық-гематологиялық аурулары бар азаматтарды тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде мемлекет ұсынбайтын, пациенттерді бұған дейін шетелге емделуге жіберуге тура келген қазіргі заманғы инновациялық мақсатты препараттармен қамтамасыз ету.	2024 жыл, тәсілдер мен шешімдерге сәйкес	БЖБО-1
5.	Шетелдік клиникаларда ауыр науқастарды емдеу (көлік шығындары мен тұрғылықты жерін өтеуді ескере отырып)	Шетелде емделуге жолдама бойынша пациенттерге қайырымдылық көмек көрсету.	2024 жыл, тәсілдер мен шешімдерге сәйкес	БЖБО-1
6.	«ҰҒОО» ЖШС мамандарын оқыту бойынша «QH Онкологиялық қызметті дамыту» және «ҚазОРҒЗИ» АҚ мамандарын оқыту бойынша «QH Онкологиялық қызметті дамыту» жобаларын іске асыру	Онкологиялық аурулары бар пациенттерге медициналық көмек көрсету деңгейі мен сапасын арттыру. Инновациялық сәулелік диагностика және емдеу; хирургиялық емдеудің аз инвазивті әдістері; реанимациялық көмектің қазіргі заманғы тәсілдері; ісіктер кезіндегі пластикалық хирургия; жасушалық терапия және т.б. бойынша жаңа дағдылар мен құзыреттерге ие болу.	2024 жыл, тәсілдер мен шешімдерге сәйкес	БЖБО-1

№	Іс-шараның/бағдарламаның немесе жобаның атауы	Әлеуметтік сипаттағы шешетін мәселесі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
7.	«QH Жабдықпен жарақтандыру бойынша онкологиялық қызметті дамыту» жобасын іске асыру	Жоба онкологиялық қызметтің материалдық-техникалық базасын жақсартуға мүмкіндік береді және сәулелік жабдықтың жетіспеушілігі бойынша сәулелік терапия мәселесін шешуді жеңілдетеді. Жоғары технологиялық медициналық қызметтерге қолжетімділікті арттырады, одан әрі толық сауығу мүмкіндігі бар қатерлі ісіктердің ерте сатысы бар науқастарды анықтауды арттырады. Қазіргі заманғы сызықтық электронды үдеткіштер ісікке қарсы емдеудің тікелей тиімділігін арттырады және осылайша 5 жылдық өмір сүру деңгейін жақсартады.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1
8.	«QH Балалардың нейрохирургиялық қызметін дамыту» жобасын іске асыру	Гибридті операция бөлмесінде ми патологиясы кезінде нейрохирургияның заманауи жоғары технологиялық әдістерін енгізу. Өңірлерден мамандарды оқыту, медициналық технологиялар трансферті және медициналық жабдықтар сатып алу арқылы балалардың нейрохирургиялық қызметтеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1
9.	«QH Табалдырықтан табалдырыққа дейін қол жетімді орта» жобасын іске асыру	Инновациялық техникалық құрылғыларды пайдалану мүгедектігі бар балаларға «табалдырықтан табалдырыққа дейін» қағидаты бойынша кедергісіз орта құруға, мектептегі физикалық ұтқырлық пен белсенділікті едәуір жақсартуға және арттыруға, мектептің қазіргі заманғы форматына бейімделу, әлеуметтену және интеграция процестерін жеделдетуге мүмкіндік береді. Жоба қозғалтқыш аппараты бұзылған азаматтар үшін барлық басқа объектілерге қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселесін шешудің үлгісі бола алады.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1

№	Іс-шараның/бағдарламаның немесе жобаның атауы	Әлеуметтік сипаттағы шешетін мәселесі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
10.	«Аутизмі және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған орталықтарды жабдықтау» жобасын іске асыру	Аутизмі және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған оңалту орталықтарының инфрақұрылымын дамыту (елде орталықтар жеткіліксіз). Бұл ретте кадрларды «алтын стандарт» әдістемесі бойынша оқыту көзделген. Балалардың осы санатын кешенді оңалту үшін инновациялық жабдықтармен және арнайы түзету құралдарымен жаратқандыру.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1
11.	«Ерте араласу орталықтарын жаратқандыру» жобасын іске асыру	Дамудың ерте кезеңдерінен бастап дамуында кемістігі бар және олардың туындау қаупі бар балалардың табысты дамуы үшін жағдай жасау мақсатында ерте араласу орталықтарын материалдық-техникалық жаратқандыру. Бұл орталықтар 3 жасқа дейінгі балаларға арналған.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1
12.	«QH Оңалту орталықтары» жобасын іске асыру	Жетісу, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау облыстарында және Шымкент қаласында 6 оңалту орталығын ашу және жаратқандыру арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді оңалту көмегін қамтамасыз ету. Орталықтар мүгедек балалардың басым бөлігін құрайтын неврологиялық жүйесі мен тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды кешенді оңалтуға арналған заманауи инновациялық жабдықтармен жаратқандырылады. Бұл орталықтар балаларға оңалту қызметтеріне қолжетімділікті едәуір кеңейтуге мүмкіндік береді, өйткені бұрын мұндай орталықтар болмаған.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1

№	Іс-шараның/бағдарламаның немесе жобаның атауы	Әлеуметтік сипаттағы шешетін мәселесі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
13.	«QH Аудандық оңалту орталықтары» жобасын іске асыру	<p>Оңалту орталықтарының желісін кеңейту және оларды заманауи оңалту жабдықтарымен жаратандыру, сондай-ақ Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Жетісу және Ұлытау облыстарында мамандарды оңалтудың тиімді әдістеріне оқыту.</p> <p>Орталықтар мүгедек балалардың басым бөлігін құрайтын неврологиялық жүйесі мен тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды кешенді оңалтуға арналған заманауи инновациялық жабдықтармен жаратандырылады. Бұл орталықтар ауылда тұратын балаларға тұрақты негізде оңалту қызметтеріне қолжетімділікті едәуір кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұрын ауылдан келген балаларға медициналық көмектің бұл түрі мүлдем қол жетімсіз болды.</p>	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1
14.	Абай,Қызылорда, Павлодар облыстарында және Шымкент қаласында «QH мүгедек балаларды үйде оңалту» жобасын іске асыру	<p>Мүгедектігі орташа және ауыр дәрежедегі балалардың оңалту әлеуетін арттыру және үйде оңалтуды жалғастыру үшін техникалық оңалту құралдарын (ТОК) ұсыну арқылы олардың өмір сүру сапасын жақсарту.</p> <p>Жоба нәтижелерін енгізу балаларды оңалту сапасын едәуір арттыруға, кейіннен олардың өмір сүру сапасын жақсартуға және одан әрі мүгедектіктің қайталама профилактикасын күшейтуге мүмкіндік береді.</p>	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1
15.	«QH Шалғай шекара маңындағы Тарбағатай ауданында денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау объектілерін дамыту» жобасын іске асыру	Тарбағатай ауданының тұрғындарына денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау нысандарын дамыту арқылы өмір сүру сапасын арттыру, сондай-ақ әлеуметтік және медициналық қызметтер көрсету.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1

№	Іс-шараның/бағдарламаның немесе жобаның атауы	Әлеуметтік сипаттағы шешетін мәселесі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
16.	QH Шарапат жобасын іске асыру	Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында тұратын мүмкіндігі шектеулі адамдардың және егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасын арттыру.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1
17.	QH Дихан ауылындағы оңалту орталығы жобасын іске асыру	Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Жамбыл облыстық мамандандырылған оңалту орталығы» ШЖҚ КМК пациенттерді оңалту және әлеуметтендіру бойынша сапалы қызметтер көрсету үшін жаңа медициналық және оңалту жабдықтарымен жаратандыру арқылы оңалту көмегіне кешенді көзқарас және пациенттерді күнделікті еңбек қызметіне бейімдеу арқылы мүмкіндіктері шектеулі пациенттердің өмір сүру сапасын арттыру.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1
18.	QH Шапағат Орал жобасын іске асыру	Батыс Қазақстан облысының «Орал арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ физиотерапия кабинеттерін заманауи инновациялық жабдықтармен жаратандыру және мүгедек адамдарды ыңғайлы тасымалдау үшін арнайы көтергішпен жабдықталған автомобиль сатып алу жолы арқылы зейнеткерлерге, I және II топтағы мүгедектерге және 18 жастан асқан психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедектерге әлеуметтік және медициналық қызметтер көрсету, адамдардың өмір сапасын арттыру	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1

№	Іс-шараның/бағдарламаның немесе жобаның атауы	Әлеуметтік сипаттағы шешетін мәселесі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
19.	QH Жігер жобасын іске асыру	<p>Қазіргі заманғы оңалту жабдықтарын сатып алу есебінен оңалту қызметтерінің санын ұлғайту арқылы Алматы қаласының аумағында әлеуметтік оңалту қызметтерін көрсету сапасын арттыру. ЕДШ жүргізу үшін Бобат әдісін, сондай-ақ кинезотерапия жүргізу кезінде NEURAC әдістемесін енгізу.</p> <p>Жұлын бағанының күйін бақылау мүмкіндігі, осылайша аспалы жүйелердегі жаттығуларға дейін және одан кейін омыртқаның өзгеруі туралы толық көріністі анықтау. Қауымдастықтың материалдық-техникалық базасын жақсарту арқылы асқынулардың дамуын ерте ескерту және тұрақты еңбек ету қабілетінен айырылудың қайталама профилактикасын күшейту.</p> <p>Медициналық оңалту қызметтерінің тізбесін кеңейту есебінен қызмет алушылар санын ұлғайту.</p>	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1
20.	QH Қордай арнаулы әлеуметтік орталығы жобасын іске асыру	Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Қордай аудандық мүгедек балаларды оңалту және бейімдеу орталығы» КММ логопед кабинетін жаратқандыру арқылы заманауи стандарттарға сәйкес балалардың сөйлеуін түзетуді күшейту бойынша медициналық-әлеуметтік оңалтуды жетілдіру.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-1
21.	«Арнайы мектеп ұйымдарын жаратқандыру» жобасын іске асыру	Арнайы мектеп мекемелерінің жабдықталуын арттыру арқылы білім беру сапасын жақсарту, бұл оқу көрсеткіштерінің жоғарылауына ғана емес, сонымен қатар оқушылардың және болашақта арнайы білім беру ұйымдарының түлектерінің де әлеуметтенуі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады.	2024 жыл, бағдарламаның жол картасына сәйкес	БЖБО-2

№	Іс-шараның/бағдарламаның немесе жобаның атауы	Әлеуметтік сипаттағы шешетін мәселесі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
22.	«Қазақстан халқына» қорының білім беру гранттары» бағдарламасын іске асыру	Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау шарасы ретінде жоғары білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету (бағдарламада көрсетілген азаматтар мен олардың отбасы мүшелерінің санаттары). Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқуға талапкерлерге жоғары білім беру ақысын төлеу үшін 850 грант беру.	2024 жылдың 3 тоқсаны	БЖБО-2, КҚ
23.	«Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру	Қалалық және ауылдық мектептердің оқушылары арасындағы білім сапасындағы теңсіздікті жою. Тірек мектеп мәртебесін бере отырып, ауыл мектептерін материалдық-техникалық жаратқандыру және ауыл мектептері оқушыларының сапалы білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін білім беру ресурстарын шоғырландыру.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-2
24.	QH «100 балалар спорт залы» бағдарламасы шеңберінде «76 балалар спорт залы» жобасын іске асыру	Елді мекендерде балаларға арналған спорт залдарын ашу арқылы шалғайдағы ауылдық елді мекендердің балалары мен жастарының спортпен шұғылдануға қол жеткізуін қамтамасыз ету.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-2
25.	Жылдам салынатын модульдік спорт залдарын орнату арқылы ауылдық жерлерде, моно- және шағын қалаларда спорттық инфрақұрылымды дамыту	Өте мұқтаж ауылдық жерлерде модульдік үлгідегі аз шығынды, жылдам салынатын спорт кешендерін салу. Ауылдық жерлерде командалық спорт түрлеріне арналған шағын жабық спорт нысандарының айтарлықтай жетіспеуі – елдегі спорт инфрақұрылымының ең өзекті мәселесі.	2024 жыл, жылдық кестеге сәйкес	БЖБО-2
26.	«Болашақ инженерлер» бағдарламасын іске асырудың қорытынды кезеңі	Шағын қалалар мен ауылдардың кемінде 160 мектебінің, сондай-ақ моноқалалардың 27 мектебінің оқушылары үшін инженерлік құзыреттер саласында қосымша білім берудің қолжетімді және сапалы ортасын құру.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-2

№	Іс-шараның/бағдарламаның немесе жобаның атауы	Әлеуметтік сипаттағы шешетін мәселесі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
27.	QH «Болашақ инженерлер» бағдарламасын моноқалаларда іске асырудың қорытынды кезеңі	Моноқалалардың кемінде 173 мектебі оқушыларының инженерлік құзыреттерін дамыту үшін қосымша білім берудің қолжетімді білім беру ортасын құру.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-2
28.	Алматы облысының мектептерінде «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» жобасын іске асырудың қорытынды кезеңі	Педагогтардың біліктілігін арттыру, менторлық сүйемелдеу және білім беру инфрақұрылымын құру арқылы физика, химия, биология пәндері бойынша оқушылардың білім деңгейін арттыру.	2024 жыл, жобаның жол картасына сәйкес	БЖБО-2
ПЫСЫҚТАЛАТЫН (ӘЛЕУЕТТІ) ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН ЖОБАЛАР, СОНДАЙ-АҚ МАҚСАТТЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ БАҒЫТТАРЫ				
29.	Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықты ағзаларды транспланттауды жүргізу үшін жабдықтармен қамтамасыз ету жөніндегі жобаны пысықтау	<p>ҰҒОО-да трансплантологиялық көмекті жетілдіру мақсатында медициналық жабдықтарды сатып алу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Органдар лапароскопиялық жолмен алуды енгізу арқылы мамандардың, ҰҒОО резиденттерінің, өңірлердің біліктілік деңгейін арттыруға, бұл пациенттің стационарда болған төсек-күндерінің санын азайтады; 2. Елдегі пациенттердің өмір сүру ұзақтығы мен сапасын арттыра отырып, ағзаларды трансплантациялау санын ұлғайтуға; 3. Органдардың бірыңғай тіркелімінде (күту парағында) адамдардың санын азайтуға; 4. Халықаралық деңгейде Қазақстанның трансплантология деңгейін арттыру мақсатында шетелдік трансплантация орталықтары үшін шеберлік сыныптарын өткізу есебінен қазақстандық трансплантологтардың мәртебесін арттыруға мүмкіндік береді. 	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-1

№	Іс-шараның/бағдарламаның немесе жобаның атауы	Әлеуметтік сипаттағы шешетін мәселесі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
30.	Қарағанды және Павлодар облыстарында «QH Балаларға паллиативтік көмек жүйесін дамыту» жобасын пысықтау	Балаларға паллиативтік көмектің тиімді жүйесін құру жөніндегі пилоттық жоба іске асырылатын болады. Жоба шеңберінде балаларға арналған паллиативтік көмектің жаңа стандарттары мен хаттамалары әзірленеді, сондай-ақ медициналық көмектің осы түрін көрсетуге тартылған мамандардың (көпсалалы көмек) функционалы пысықталады.	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-1
31.	Балаларды тұқым қуалайтын ауруларға молекулярлық-генетикалық зерттеу мәселесін пысықтау	Балаларды тұқым қуалайтын ауруларға молекулалық-генетикалық зерттеу баланың гендеріндегі вирустық, жұқпалы мутацияларды мүмкіндігінше дәл, тез анықтауға, сондай-ақ тұқым қуалайтын, генетикалық аурудың даму ықтималдығын бағалауға, ДНҚ құрылымының ерекшеліктерін зерттеуге, ауытқуларды анықтауға мүмкіндік береді.	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-1
32.	Аудандар мен облыстар деңгейінде медициналық ұйымдарды жабдықтармен жаратандыру бойынша тәсілдер мен критерийлерді айқындау (Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Ұлытау облыстарының өтінімдері)	Аудандар мен облыстар деңгейінде медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту.	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-1
33.	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарын жаратандыру бойынша тәсілдер мен критерийлерді айқындау (Абай, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Ұлытау облыстары мен Шымкент қаласының өтінімдері)	Орталықтардың өткізу қабілетін ұлғайту, сондай-ақ осы орталықтарда тұратын жалғызбасты адамдардың, қарттардың, мүгедек адамдардың, психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедек адамдардың, психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балалардың өмір сүру жағдайларын жақсарту.	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-1

№	Іс-шараның/бағдарламаның немесе жобаның атауы	Әлеуметтік сипаттағы шешетін мәселесі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
34.	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтары мен «Инватакси» (Абай, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Ұлытау облыстарының өтінімдері) үшін мамандандырылған көлік сатып алу мәселесіне қатысты тәсілдер мен критерийлерді айқындау	Мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасын жақсарту және олардың қоғамдық өмірге қатысу мүмкіндігін кеңейту.	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-1
35.	Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан және Жетісу облыстарында психикалық ерекшеліктері бар балаларға арналған шипажайды арнайы жабдықтарымен қамтамасыз ету бойынша бағдарламаны пысықтау	Психикалық ерекшеліктері бар балаларды санаторлық емдеу үшін жағдай жасау.	2024 жылдың 2–3 тоқсаны	БЖБО-1
36.	Қызылорда облысының арбада билеумен айналысатын пара спортшылары үшін мүгедектер арбасын сатып алу туралы мәселені пысықтау	Спортпен шұғылдану және пара-спортшыларды әлеуметтендіру үшін жағдай жасау. Ерекше қажеттіліктері бар спортшылардың әлеуметтік әлауқатын жақсарту, оларды әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік процестерге біріктіру.	2024 жылдың 2–3 тоқсаны	БЖБО-2
37.	Қызылорда облыстық «С.Майқанова атындағы мәдениет үйі» КМҚК инклюзивті театры үшін пандус пен автомобиль сатып алу туралы мәселені пысықтау	Мәдениет саласындағы жобаларды дамыту. Әлеуметтену және қоғамға интеграциялау мақсатында ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдарды қолдау.	2024 жылдың 2–3 тоқсаны	БЖБО-2
38.	Ақтөбе облысының физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін спорттық арбалар сатып алу туралы мәселені пысықтау	Зақымдалған даму функцияларын түзету, денсаулықты нығайту және өмірлік маңызды моториканы дамыту, сондай-ақ мүгедек адамдарды әлеуметтендіру.	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-2

№	Іс-шараның/бағдарламаның немесе жобаның атауы	Әлеуметтік сипаттағы шешетін мәселесі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
39.	QH «Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, шағын жинақты ауылдық мектептердің әлеуетін дамыту» жобасын пысықтау	Еліміздің мықты мектептерімен тығыз әріптестікте тірек ауыл мектептерін дамытудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ ауылдық мектептерді материалдық-техникалық жарақтандыру және педагогтердің кәсіби дамуында тең жағдайлар жасау есебінен аумақтық және әлеуметтік-экономикалық белгілер бойынша білім беру сапасының алшақтығын қысқартуға жәрдемдесу.	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-2
40.	Абай облысында «Оқитын ұлт» бағдарламасын пысықтау	Мәдениет саласындағы жобаларды дамыту. Халықтың, әсіресе балалар мен жасөспірімдердің функционалдық және оқу сауаттылығын арттыру.	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-2
41.	Г.Сланов атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Коворкинг орталығын» ашу және Атырау облысы облыстық балалар кітапханасының кітап қорын цифрландыру жобасын пысықтау	Мәдениет және білім беру саласындағы жобаларды дамыту. Халықтың функционалдық және оқу сауаттылығын арттыру. Балалардың дамуын, оның ішінде ғылыми жағынан дамуын насихаттау.	2024 жылдың 2–3 тоқсаны	БЖБО-2
42.	Батыс Қазақстан облысының 25 ауылдық кітапханасын жаңғырту бойынша жобаны пысықтау	Мәдениет саласындағы жобаларды дамыту. Халықтың, әсіресе балалар мен жасөспірімдердің функционалдық және оқу сауаттылығын арттыру.	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-2
43.	Облыстық балалар кітапханасы базасында «Ертегілер әлемі» ойын және демалыс алаңын, сондай-ақ Атырау облысының облыстық балалар кітапханасында кинозал ашу жөніндегі жобаны пысықтау	Мәдениет саласындағы жобаларды дамыту. Әлеуметтену және қоғамға ықпалдасу мақсатында ерекше қажеттіліктері бар шығармашыл балаларды қолдау.	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-2

№	Іс-шараның/бағдарламаның немесе жобаның атауы	Әлеуметтік сипаттағы шешетін мәселесі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
44.	Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданы орталығында ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған әмбебап спорт алаңын салу жөніндегі жобаны іске асыру тәсілдерін айқындау	Спорттық инфрақұрылым тапшылығын азайту.	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-2
45.	Ақтөбе облысы Хромтау қаласында қаңқалы-тентгі хоккей кешенін салу туралы мәселені пысықтау	Спорттық инфрақұрылым тапшылығын азайту.	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-2
46.	Қызылорда облысының отбасылық үлгідегі балалар ауылында спорт алаңын орнату туралы мәселені пысықтау	Отбасылық үлгідегі балалар ауылының тәрбиеленуші балаларын спортпен шұғылдануға және әлеуметтендіруге жағдай жасау.	2024 жылдың 1–2 тоқсаны	БЖБО-2
47.	Солтүстік Қазақстан облысында 4 ұйымда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған спорт алаңдарын орнату туралы мәселені пысықтау	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды спортпен шұғылдануға және әлеуметтендіруге жағдай жасау.	2024 жыл	БЖБО-2
№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі	Жауаптылар
ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ПРОЦЕСТЕРІ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ ШАРАЛАРЫ				
48.	Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларының мониторингі және аралық мониторингі	Қайырымдылық бағдарламасының/жобасының мониторингі бойынша есеп.	2024 жыл, мониторинг жоспарына сәйкес	ТБО
49.	Қордың 2023 жылғы жылдық есебін қалыптастыру	Қамқоршылық кеңестің жылдық есепті бекіту туралы хаттамасы.	2024 жылдың 1 тоқсаны	ТБО (жинақтау), БЕЕБ, СЖДІБ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі	Жауаптылар
50.	2023 жылдың 1 жартыжылдық есебін қалыптастыру	Қамқоршылық кеңестің 2024 жылдың 1 жартыжылдық есебін бекіту туралы хаттамасы.	2024 жылдың шілдесі	БЖБО-1, БЖБО-2
51.	Кіріс өтінімдерді қарау және әлеуетті бағдарламалар мен жобаларға қорытындылар дайындау (оның ішінде баға талдауы бойынша)	Басқарма отырысының хаттамасы.	2024 жыл, қайырымдылық көмек көрсету қағидаларына сәйкес	ТБО, ӨӨҚБ
52.	Қордың сыртқы аудитін жүргізу	Қамқоршылық кеңестің жылдық қаржылық есептілікті бекіту туралы хаттамасы.	2024 жылдың 1 жартыжылдығы	БЕЕБ (жинақтау), ЗҚ
53.	Қордың жылдық бюджетін қалыптастыру	Қамқоршылық кеңестің жылдық бюджетті бекіту туралы хаттамасы.	2024 жылдың 4 тоқсаны	БЕЕБ
54.	«Қазақстан халқына» ұлттық қайырымдылықтың ІІІ конференциясын өткізу	Конференция жұмысының қорытындысы бойынша Қамқоршылық кеңеске ақпарат.	2024 жылдың 3-4 тоқсаны	СЖДІБ (жинақтау), барлық құрылымдық бөлімшелер
55.	Жыл сайынғы жарналар бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-мен өзара іс-қимыл	Қамқоршылар кеңесіне ақпарат.	2024 жылдың ақпан, желтоқсан айлары	СЖДІБ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі	Жауаптылар
56.	«Қазақстан халқына» ҚҚ қызметін жариялау жөніндегі Медиа-жоспарды әзірлеу және іске асыру	Толық медиажоспар: 1) Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын, сондай-ақ жұмыс кездесулерін, конференцияларды, дөңгелек үстелдерді және т.б. іске асыру шеңберінде өткізілетін іс-шараларды жариялау. 2) Қордың Қамқоршылық кеңесі мен басқармасы өкілдерінің, алушылардың, серіктестердің БАҚ-та және әлеуметтік желілерде сұхбаттары мен сөз сөйлеулерін ұйымдастыру; 3) Instagram, Facebook, Telegram, Youtube, Tik Tok әлеуметтік желілерінде Қор туралы контент жасау және насихаттау, қамту және оқырмандар санын көбейту.	Жоспарды әзірлеу - 2024 жылғы қаңтар; Іске асыру - 2024 жыл бойы	Баспасөз қызметі
57.	Қордың 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын әзірлеу	Қамқоршылық кеңестің бекіту туралы хаттамасы.	2024 жылдың 4 тоқсаны	СЖДІБ (жинақтау), барлық құрылымдық бөлімшелер

Қордың құрылымдық бөлімшелері:

БЖБО-1 – Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығы;

БЖБО-2 – Білім, мәдениет және спорт саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығы;

ТБО – Талдау және болжау орталығы;

ӨӨҚБ – Өтінімдер мен өтініштерді қарау бөлімі;

СЖДІБ – Стратегиялық жоспарлау және демеушілермен өзара іс-қимыл бөлімі;

КБҚ – Корпоративтік басқару қызметі;

ЗҚ – Заң қызметі;

БЕЕБ – Бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі;

КҚ – «Endowment Qazaqstan halqyna» корпоративтік қоры.